

«Бекітемін»
Облыстық балалар мен жасөспірімдер
туризмі және экология орталығының
директоры _____ В. Фомин

«Келісілді»
«Батыс Қазақстан облыстық спорттық
туризм, спорттық бағдарлау және шыңға
өрмелеу Федерациясы» ҚБ вице-
президенті _____ К. Неталиева

Облыстық Х «Батыс-Азимут» спорттық бағдарлаудан ашық жарысының ережесі

I. Мақсаты

Спорттық бағдарлауды насихаттау, жастардың спорттық дайындығын дамыту, Республикалық жарыстарға үздік спортшыларды анықтау.

II. Жарысты өткізу орны және уақыты

Жарыс 2017 жылдың 4 – 6 қазан күндері БҚО Орал қаласы «Евразия» ТСК өтеді. Қатысушылардың келу уақыты 4 қазан сағат 13.00 – ге дейін.

III. Жарысқа қатысушылар

Жарысқа аудандық, қалалық білім орындары, арнаулы оқу орындары мен жоғары оқу орындарының және туризм орталықтарының командалары қатысады. Қатысушылардың жас ерекшеліктері: МЖ12 (2005-2007 ж.т. дейінгі ұл, қыздар), МЖ14 (2003-2004 ж.т. ұлдар, қыздар), МЖ16 (2002 - 2001 ж.т. ұлдар, қыздар), МЖ18 (2000 - 1999 ж.т. ұлдар, қыздар), МЖ20 (1998 - 1997 ж.т. ұлдар, қыздар), МЖЭ21 (1996 ж.т. және одан жоғары) Командалық есепке алынатын қатысушылар әр топтан бір ер (ұл), бір әйел (қыз) жарысқа сұраныс беру сәтінде көрсетіледі. (МЖ20 тобы командалық есепке алынбайды) Басқа қатысушылар жеке сынақта ғана сайысқа түседі.

IV. Жарыс шарты

Жарыс бағдарламаға сай 3 күн өтеді. Бағдарлама бойынша қатысушылар 4 қашықтықта жарысқа түсетіндіктен, әр қашықтыққа карта алулары тиіс. Бір картаның құны – 250 теңге. Командалар «Еуразия» туристік – сауықтыру кешенінде орналасады және тамақтанады (тамақтану 1500 тг, тұру 1500 тг әр адамнан күніне). Қатысушылардың жарыс бағдарламаларын орындау үшін қажетті құралдары, арнайы киімі болуы тиіс. Команда өкілі мандат комиссиясына төмендегідей құжаттарды тапсырады:

1. Жіберген мекеменің мөрі және дәрігердің қолы қойылған сұраныс

№	ТА (толығымен)	Туған жылы (толығымен)	Жас ерекшелігі	Спорт. разряд	Есеп (Зачет)	Дәрігер рұқсаты
1	<i>Нсанова Наргиза</i>	<i>29.07.2002</i>	<i>W-16</i>	<i>III</i>	<i>Жеке/командалық</i>	
2*	<i>Сагиналин Ерлан</i>	<i>08.10.1998</i>	<i>M-20</i>	<i>III</i>	<i>Жеке</i>	

2. Спортшының спорттық бағдарлаудан жеке сынақ кітапшасы.!!!!
3. Спортшылардың денсаулығын сақтандыру. (сақтандыру компанияларынан) **Спорт түрі – Спорттық бағдарлау керек!!!**
4. Іс сапар туралы бұйрық.
5. Әр қатысушының туу туралы куәлігі немесе жеке куәлігінің көшірмесі
6. Алдын – ала өтінішті 2017 жылдың 3 қазанына дейін evrasia_centre@mail.ru жіберіп, өтініш жіберілгендігі жөнінде 8 -7112 –

52 – 58 – 87 немесе 52 – 59 – 42 хабарлап айту қажет. Өтінішті кешіктірген жағдайда командалардан старт жарнасы әр қатысушыдан 300 тг алынады.

V. Жарыс бағдарламасы

4 қазан

13.00 – ге дейін – келу. Орналасу. Тіркелу
15.00 – 17.30 «Таңдау бойынша» қашықтығы. Барлық топтарға
18.30 – 19.00 Жарыстың ашылу салтанаты
20.00 – 21.00 Команда өкілдерімен төрешілер отырысы
22.00 – 24.00 «Би кеші»

5 қазан

11.00 – «Ұзақ масстарт» қашықтығы бойынша бірінші этаптың старты.
20.00 – 21.00 Команда өкілдерімен отырыс, жарыс күнін қорытындылау.
22.00 – 24.00 «Түнгі бағдарлау қашықтығы» МЖ16,18,20,Е, «Би кеші»

6 қазан

10.00 – «Суперспринт» қашықтығы бойынша старттың басталуы
15.00 – Бағдарлаудан облыстық жарыстың жабылу салтанаты

VI. Марапаттау

Әр қашықтық бойынша, жас мөлшеріне қарай жеңімпаздар 1 – 3 орын дипломдарымен, медальдарымен марапатталады. Жалпы қорытынды есепке әрбір қашықтық бойынша командалық есепке қатысатын қатысушының нәтижесі 1 ер (ұл), 1 (әйел) қыз нәтижесі енгізіледі. Командалық есепте сынға түсетін қатысушылар мандаттық комиссия отырысында анықталып, белгіленеді. ***Жарыс басталған сәттен бастап, командалық есепте сынға түсетін қатысушыларды алмастыруға тиым салынады!!!***

VII. Қаржыландыру

Жарысты ұйымдастыру және өткізуге байланысты шығындарды ОБЖТЖЭО мекемесі өтейді. Жарыстың әр бір кезеңінде қатысушылардың шығындарын, қатысушылардың жарыс кезіндегі тұруы мен тамақтану шығындары іс-сапарға жіберуші мекемеге жүктеледі.

Картографиялық материалдарды дайындау, қашықтықты орнату, көлікті және спорттық жабдықтарды жалға алу старт жарнасы есебінен төленеді. Бағдарламаның әр түрі бойынша әр қатысушыдан жарыс картасын алу үшін 250 теңге тіркеу кезінде 4 қашықтыққа төленеді.

Мекен – жайымыз: Орал қ. Исатай батыр көш 71/1, ОБЖТЖЭО, тел/факс 8 -7112 – 52 – 58 – 87, Е – mail: evrasia_centre@mail.ru

Кординаторлар: Бас төреші Фомин Виктор Павлович, тел: 52 – 59 – 42,
Қашықтық басшысы Нурманов Райлан Ерсаянович тел: 8 777 671 75 46,
Бас хатшы: Дәуіт Жанболат Рахатұлы тел: 8 708 903 92 79

Осы ереже жарысқа шақыру болып табылады!